



ХҒТАР 16.21.55

Г.Н. Абубакирова<sup>1</sup>, А. Кайпбаева<sup>2</sup>

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан  
(E-mail: agn031180@mail.ru<sup>1</sup>, a.kaypbai1957@mail.ru<sup>2</sup>)

### Мәриям Хакімжанованың поэзиясындағы «әйел» концептісі

**Аңдатпа.** Қазақ қоғамында бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен әйел қауымының орны әрқашан ерекше. Өмірде ер адамның ақылшысы, балалардың тәрбиешісі болатын әйелдер қауымының өмірі сан қилы. Әрбір әйел бір үйдің инабатты келіні, аяулы анасы, ардақты апасы, асыл әжесі. Сондықтан әйел тақырыбы – мәңгілік тақырыптардың бірі. Әсіресе, көркем туындыларда сипатталатын әйел бейнесі, тағдыры, мұңы, сезімдері көптеген шығармаға арқау болған. Ақын-жазушыларымыз әйелді мүсіндеп, сипатын бейнелегенде ұлттық әдет-ғұрыптық ерекшеліктермен бірге рухани дүниенің сырларын, ұлттық таным, болмыс, тәлім-тәрбие ерекшеліктерін ұмытқан емес. Зерттеу нысанасына алынып отырған Мәриям Хакімжанова шығармаларында да «әйел» концептісін айшықтайтын тілдік бірліктердің ұлттық дүниетанымға сай берілгені аңғарылады. Сонымен қатар, «Әйел» лексемасы сөз болған жерде, әйел – сұлулық, әйел – сүйікті жар, әйел – ана баламалары қабаттасып, сабақтасып жатуы заңды. Мақалада осы аталған баламаларға М. Хакімжанова шығармалары негізінде тоқталатын боламыз.

**Түйін сөздер:** поэзия, когнитивтік таным, концепт, концептілік жүйе, концептілік құрылым, ұлттық болмыс.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-134-1-8-15>

Түсті: 06.11.20 / Қайта түзетілді: 26.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

**Кіріспе.** Түрлі қақтығыстарға толы ХХ ғасырда өмір сүрген Мәриям Хакімжанова – Қостанай өңірінің тумасы, кеңес үкіметі тұсында өмір сүріп, өлеңдерінде коммунистік партияны, октябрьді, социалистік идеяны жырласа да, өзінің қазақи тұлғасын жоғалтпаған, қазақтың қайсар қыздарының бірі. «Жас өмірім бақытсыздықпен өтті. 21 жасымда өлідей жесір қалдым. 31 жасымда (1937) тірідей жесір қалдым. Жолдасымның екі баласын, 11 жасар інісін, агамның бұрынғы әйелінен қалған екі баласын, майданнан жараланып келіп, қолымда қайтқан қайынімімнің екі баласын (ұзын саны 7 баланы)

бағып-қағып өсірдім. 5-не жоғары білім бердім, 2-не орта білім бердім. Қазірде бәрі ақар-шақар семья құрып, қол қанатым болып отыр» - деп [1, 8 б.] жазған Мәриям Хакімжанова. Сондықтан болар ақын ананың қолтаңбасы ана, бала тақырыптарына ойысқанда, өзгеше өрілген.

Ақынның поэтикалық тілінде «әйел» концептісінің мәнін ашатын мынадай ұғымдарды кездестіруге болады: *Оттың басы, Еңбекші әйел, Қарт ана, бұлбұлым, көкжал қыз, батагөй, т.с.с.* «Әйел» лексемасы, біріншіден, адам баласының ұрғашы жыныстылары, екіншіден, жұ-

бай, зайып [1, 592 б.] деген ұғымдарды береді. Тілімізде «әйел» сөзінің сөздікте көрсетілген екінші мағынасына сәйкес жар, серігі, нақсүйері, сүйіктісі, алғаны, қосағы деген сөздер де қолданыста. Ендігі кезекте «ана» деген үшінші мағынаны қосар едік.

Қоғамда отбасының ұйытқысы – әйел. Әйелді биязы мінезі, балаға деген қамқорлығы, жолдасына деген сыйластығы, үлкенге деген әдеп пен ізеттілігі – аяулы жар, таңдаулы нақсүйер, айнымас сүйікті, таңдап алғаны, тағдырлас қосағы етеді. Сондықтан ислам дінінің хадистік қағидаларында: *Алдымен, анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла*», *«Жұмақ кілті ананың қадамының астында»*, т.б. деп әйелге ерекше орын бергені байқалады.

Ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз күдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілері заман озған сайын құлпырып, өңделіп отырады. Ал оларды жаңа қырынан зерттеп-зерделеу – заман талабы. Сондықтан М. Хакімжановадай ақын шығармаларындағы лингво-мәдени бірліктердің лингво-поэтикалық, құрылымдық, танымдық тұрғыдан талдануы тақырыптың өзекті мәселелерінің бірі.

**Зерттеу әдістері.** Сипаттама, семасиологиялық, этнолингвистикалық, концептілік талдау әдістері пайдаланылды.

**Талқылау.** Көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты зерттеулер көптеп кездеседі. Мысалы, қоғам өміріндегі қазақ әйелінің рөлі мен орнын сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындап, әйел концептісінің лексика-семантикалық, концептуалдық мазмұнын зерттеген А. Байғұтованың кандидаттық диссертациясын [3], гендерлік тұрақты тіркестердігі әйел лексемасын қарастырған А. Смайловтың [4], әйел қолөнеріне байланысты атаулардың этнолингвистикалық табиғатын, олардың тілдік жүйедегі орнын қарастырған А. Әлімжанованың [5] еңбектерін атауға болады.

Ғалымдар «Әйел» концептісін зерттеу кезінде қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік

лингвистиканың негізгі элементтерінің бірі – *концептіге* аса назар аударып келеді. Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оған келесіндей анықтама берілген: «жадының, ментальды қордың, тұжырымдау жүйесінің, әрі адам санасында көрініс табатын бүкіл әлемнің мазмұнды да белсенді бірлігі» [6, 266 б.].

Зерттеуші А.Б. Әмірбекова поэтикалық мәтіндегі дүниенің тілдік бейнеленуін талдай отырып, концептінің белгілі бір құрылымдардан тұратынын нақтылап көрсетеді: «*Концепт* құрылымдары өз бейнелілігімен, бағалауыш, экспрессивті, коннотаттық мәнімен құнды. *Концепт* санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. *Концептілік жүйе* иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады: 1) дүниенің қасиеті, белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема, ойсурет формасына салынуы); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мәтін)» [7, 10 б.].

Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әртүрлі формада көрініс табады. Олар: 1. Қарапайым форма (фрейм); 2. Күрделі форма (скрипт); 3. Оқиғалы форма (сценарий); 4. Сызбалы форма (схема); 5. Бейнелі форма (ойсурет).

**Нәтижелер.** *Қарапайым форма (фрейм).* Лингвистикада фрейм ұғымының негізін қалаған ғалым – Ч. Филлмор. Ол өзінің ойын екі мәселе сабақтастығы негізінде тұжырымдап көрсетті: сөз мағынасы жіктеуге келетін бөлшектер жиынтығы түрінде ғана емес, сөйлеуші мен тыңдаушыға әсер ететін таныс деректерден жинақталған тұжырымды құрылым не пайыммен тоқталған тәжірибе үлгісі ретінде қарастырылуы керек; фреймдер белгілі бір сценарий үлгісі бойынша, соның балама-

сы ретінде дүниеге келетін лингвистикалық нұсқалар жиынтығы болуы қажет [6, 271 б.].

М. Хакімжанова шығармаларында кездесетін «әйел» концептісінің фреймдік құрылымы:

1-фрейм: *Әйел – сұлулық, әдемілік*. Ақын барлық әдемілікті әйелден іздейді. Әйел болмысы, оның еркектен ерекшелігі, ең алдымен, әйелдің сұлулығынан көрінеді. Сұлулық – тек әйел затының өлшемі. Сондықтан әрбір әйелдің сұлулыққа ұмтылуы, ал ақындардың бүкіл адамзат баласы секілді сұлулыққа құмарлығы, ынтықтығы – заңдылық. Оны мынадай фреймдер арқылы бейнелеген: «*жас бұлбұл*», «*айдынның аққуындай*», «*бота көз*», «*ерке қыз*», «*жүрген жерің тасып жатқан дария*», «*аяулым*», «*қарақат көз*», «*түсі жүзім*», «*оймақ ауыз*», «*қызыл жүзі*», «*қызыл гүл*», т.б.

2-фрейм: *Әйел – махаббат, сүйікті жар*. Ел арасында «*Ер жігіттің аты жақсы болса – бір бақыт, алған жары жақсы болса – мың бақыт*» деген мақалдың айтылуы еркектің бақытты болуы сүйікті жарына байланысты екенін байқатады. Ақын шығармаларында сүйікті жарға қатысты мынадай сөздер мен сөз тіркестерін кездестіруге болады: «*жарым*», «*жаны жарқын*», «*сүйген жарым*», «*ердің жары*», «*сәулелем*», «*азбай күткен жар - алтын*», «*сүйгенім*», «*жарын күткен жас ару*», «*өмірдің қызыл гүлі*», т.б.

Махаббаттың періштесі ем таранған,  
Сүйген жанның жүрегінен жаралған.

Аяулы жан, ақиығым мөрт болды,  
Қуанышым, көз нұрына баланған [1, 30 б.].

3-фрейм: *Әйел – анаң, әйел – балаң*. М. Хакімжанованың аяулы жар, жанашыр ана, сүйікті келіншек, еңбекқор жеңеше тақырыптарына арналған жүрекжарды жырлары көп. Әсіресе, ақынның ана болған шағынан бастап бұл төңіректе қаламы мұқалмаған. Олар төмендегі фреймдер арқылы көрініс тапқан: «*бөбегім*», «*құлыным*», «*ақ тілеулі ана*», «*апатайым*», «*ардақты ана*», «*алтын ана*», «*ана жүрек*», «*үмітім*», «*қызығым*», «*немерем*», «*жас ботам*», т.б. Ақын құрған бұл фреймдердің көпшілігі халықтық қолданыста да, поэтикалық тілде де молынан кездеседі.

«*Әйел*» фреймдері ақындар тілі арқылы адам санасында белгілі бір суретке еніп, по-

этикалық сипат алады. «*Әйел*» - тірліктің мазмұнын толықтырушы, табиғатын түзуші ретінде адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табады.

Ана өмірі мейірбанды,  
Ана өсірді барлық жанды.  
Ана – қомқор бөбегіне,  
Ана сүтін ақтау заңды [1, 97 б.].

«*Әйел*» концептісінің схемалық құрылымы. А.Б. Әмірбекова: «*Схема – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі*» [7, 47 б.], - деп көрсетеді. В.А. Маслова: «*Егер сөздіктегі анықтамалар шеңбер, сызық, шекара шарттарымен түсіндірілсе, концептінің бұл анықталу типі схема болып саналады*» [8], - дейді. Яғни, фразеологизмдердің мағыналық құрылымын схема деп тануға болады. «*Әйел*» концептісінің лингвистикалық сипаты этностың өзіне тән ерекшелігін танытатын мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерде жиі кездеседі. Сонымен қатар, әйел болмысының табиғатын көрсететін танымдық ерекшеліктердің ұқсастығын, ақындар поэзиясымен өзара сабақтастықта қарау арқылы «*әйел*» концептісінің табиғи бітіміне қатысты ақпараттармен танысуға болады. М. Хакімжанова шығармасындағы «*әйел*» микроконцептісі – ғаламның тілдік бейнесін жасауға қатысатын лингвокогнитивтік категориялардың бірі. «*Әйел*» концептісінің болмысы М. Хакімжанова шығармаларындағы схемада әртүрлі аспектіде көрінеді:

Бәрі де ұшты қанаттанып ұямнан,  
Кейде аңсаймын, күлкілерін қиялман.  
Немерем мен шөберелер келгенде,  
Қуаныштан кең дүниеге сия алмай [1, 16 б.].  
Ұлды ұяға, қызды қияға қондырып,  
Енді отырмын көш көлігін доғарып.  
Отырмын ақырын ой қазынасын ақтарып,  
Қалған-құтқан бар ма екен деп сақталып [1, 253 б.].

ҰЯДАН ҰШЫРУ – баланы өсіріп, тәрбиелеп, үлкен өмірге жіберу немесе қызды ұзату. Құрылымына тоқталсақ, бәрі де ұшты қанаттанып ұямнан деп, араларына сөз қосылып тұрса да, «*ұядан ұшыру*» - тіркесінің лексика-семантикалық шеңберінің аясында қара-

стырылады. Өсіп келе жатқан ұл мен қызға өз табиғатына тән тәлім-тәрбие беру олардың болашағы үшін өте маңызды. Алған тәрбиесі жас отбасылардың жарастығы және қоғам үшін де пайдалы. Ұл да, қыз да отбасында атқаратын міндеттерін алдын ала білуі қажет. Өсіп келе жатқан ұл келешекте әке болатынын, жанұяның басы болатынын, ал бойжетіп келе жатқан қыз ана болатынан ескеруі керек. Сөйтіп, әбден қанаттары қатайғанда ғана ұядан ұшыру кезегі келеді.

**БАҒЫҢА ЖАЗЫЛҒАН** – тағдырың осылай болды, бақ-талайына осылай жазылды, тағдырдың дегені деген мағынаны береді. Бұл тіркес қыз баласының қиын өміріне қатысты айтылады.

Қабынба жүрек, қабынба,

Жазылған осы бағың да!..

Ажалдан бұрын өлмек жоқ,

Көрерсің әлі тағы да!.. [1, 33 б.].

Синонимдері: маңдайға (маңдайыңа) жазды, тағдырдың жазғаны (салғаны), пешенеден көру, бұйырған нәсіпті көру, т.б. Антонимдері: пешенесіне жазбаған, еншісіне бұйырмаған, т.б.

Құтты орнына қонады деп үміттеніп отырған қыздардың бақытсыздыққа ұшырайтын кезі тағы бар.

Үндістанның күндікте жүр қыздары,

Қыз жүрегі қайғыменен сыздады.

Бостандыққа қолы жетпей зарланып,

Талай ару талақ құзда мұздады [1, 112 б.].

**ТАЛАҚ АЙТУ** – діни некеден айырудың ең көп тараған түрі. Егер ері ешқандай себебін түсіндірмей-ақ ажырасудың айрықша түрін (талақ) айтса, зайыбы барлық некелік міндеттен босатылады. Талақ сөзінің халықтық қолданыстағы негізгі мағынасы осы болса, ақын «талақ құзда» окказионал тіркесін құрып, жыр жолдарына экспрессивтілік мән үстеген.

**ҚЫРЫҚ ЖЕТІ** – қазақтың ежелгі әдетінде қыз туғанда «қырық жеті», ұл туғанда «ат ұстар» деп сүйінші сұрайтыны немесе «қалың малға қырық жетіні матап берді», - дейтіндері бар.

Теңейтін мал басына қыздың құнын,

Қыз туса «қырық жеті» дейтін бұрын.

Қыз бала жат-жұрттықтың адамы деп,

Көретін ата-анасы артық ұлын [1, 210 б.].

Бұл сөз өткен ғасырларда жиі айтылып, өмірде жиі жасалатын, қалыптасқан ғұрып болатын. Әрине, қырық жеті дегені сонша мал екені әркімге белгілі. Ал ол неге 48 немесе 50 емес? Қазақ неге 47-ге тоқтаған? Демек, бұл жәй ғана 47 емес, өзіндік мән-мағынасы, сыры бар қырық жеті болғаны. Бұған түсінік берген жөн.

Біріншіден, қазақ 40 пен 7 сандарын ежелден қасиеті, киесі бар деп санаған. Мысалы: қырықтың бірі – Қыдыр, қызға қырық үйден тыйым, қырық күн шілде, жеті қазына, жетіскеннің жеті әлпі, жігітке жеті өнер де аз, жеті қат жер, жеті ата, жеті жұрт, т.б. Олай болса, халық өзінің құдалық салтында қалың-мал санын қырық пен жетіні қосып ырымдап, осы санға тоқтаған.

Екінші анықтаманы халық тұрмысы мен этнографиялық ерекшеліктерін жетік білген академик-жазушы Сәбит Мұқанов былайша түсіндірген (түсіндірме шығарма кейіпкерінің атынан беріледі):

– Әкемнің айтуынша, оның мәні былай көрінеді: бұзаулы сиыр ма, құлынды бие ме, боталы түйе ме, ең алдымен, балалайтын жеті мал беретін көрінеді. Бұлардың қатарына қой мен ешкі кірмейді. Мысалы, жеті бие береді дейік. Оның сыртында жеті құлын, жеті тай, жеті құнан, жеті дөнен болуы керек. Сонда бұл отыз бес бас болды ғой.

– Балалайтын малдың ішіндегі төлін де есептейді, оның атын бүкпе дейді екен. Соны қосқанда – жетеу. Сонда қырық екі болды ма?

– Бұған қосылатын малдар: құда болуға уәделескенде күйеудің әкесі қыздың әкесіне: «Уәдеміз шегедей мықты болсын», - деп, «шеге ат мінгізеді», бұл – бір; екінші, құда түсуге келгенде қыздың әкесіне «мініс ат» береді; үшінші, «жеке ту бие» деген болады, онысы, қыздың әкесі үйіне ұзату той жасағанда сойыстыққа алатыны болуы керек; төртінші, «түс ат» дегені болады, онысы күйеу қайын атасының үйіне алғаш барып түскенде беретін айыбы болуы керек; бесінші, «өлігі» дейтіні болатын көрінеді. Мұнысы – қыздың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі кәде, құдайы мал. Қыздың үйі бұл қойды сойып, туған-туыстарын, ауылдастарын шақырып

бір жапырақ етіне шейін, бір қасық сорпасына шейін таратып береді. Терісін де біреуге береді. Бұл малды тірі күнінде де сойылғанда да ұзатылатын қызға көрсетпейді. Қызға еті түгілі, сорпасынан да татырмайды. Мал сойылып, еті мен сорпасын жұрт ішіп-жеп тарағанша қызды оңаша бір үйге отырғызып қояды.

– Сонымен, манағы балалы малдың саны қырық екі, мына соңғы әртүрлі ырымның малы бес, барлығы қырық жеті... Қазақтың: «Қырық жетіні қырқа матап бердім», – дейтіні осыдан екен ғой [9, 337 б.]. Осы айтылған халық тілінде қолданыста бар түсініктер де, қыз жолына қатысты кәделі ырымдар да этнос дәстүріне тән шоғырланған ұғымдар.

Сабыр түбі – сары алтын,

Алтын азбас, ар азбас,

Азбай күткен жар – алтын,

Ондай жарды кім жазбас [10, 94 б.].

АЗБАЙ КҮТКЕН ЖАР АЛТЫН – «Алтын тозбайды, адал жар азбайды» - деген мақалға мәнделс келіп, жарды алтынға балап, метафоралық түйіндеме жасаған.

М. Хакімжанова жыр жолдарындағы «ұядан ұшыру», «талақ айту», «қырық жеті», «азбай күткен жар алтын» тіркестері «әйел» концептісінің құрамдас компоненттері болуымен қатар, балама ретінде жұмсалып, әйел өмірінің, тіршілік етуінің логикалық модельдері негізінде ұсынылған.

«Әйел» концептісі бір орнында тұрмайтын, жылдар өткен сайын жетіле түсетін, әулетінде дәрежесі өсіп, мазмұны күрделене беретін әйел өмірін құраушы бірліктер екені белгілі.

«Әйел» концептісін құрайтын ойсурет қолданысы. Ойсурет санада бейне, символ метафора, аллегория көмегімен танылады. Ойсурет суреткердің қиялдау, суреттеу, ұқсату шеберлігінен туындайды [7, 49 б.]. Концепт қалыптастыру жолының ең күрделі формасы. «Әйел» - ақын шығармаларында майданда жүрген жарды күтіп, оған демеуші, қуат беруші, сәулесі.

- Сағынарысың,

сарғаярсың,

Бірақ,

сәулем, күт мені.

Ұмытпассың,

ойға аларсың

Болса есінде ел кегі [10, 92 б.].

Сағынған жарын сарғайып,

Есіне сонда бір алсын.

Отырса сәулем мұңайып,

Сергіп бойы, қуансын [10, 93 б.].

Берілген өлең жолдарында сүйген жарын жылу берер, демеу болар жарық сәулеге алмастыру арқылы концептуалды метафора жасалған. Бұл мысал әйел концептісінің мазмұнын толықтырып, ойсуретін айрықшалай түседі.

Ақын әйел затының арлылығын, махаббатқа адалдығын кестелі орамал символы арқылы береді.

Кестелен тіктім орамал,

Атын жазып жарымның.

Жүрегім соған оралар,

Айғағы болып арымның.

Егер алса сүйгенім,

Сүртер көздің жанарын.

Басар жүрек күйгенін

Естісе елдің хабарын [10, 104 б.].

Ақын кестелі орамал – махаббаттың символы арқылы сүйген жанның үмітіне талшық, дәтіне дәрмен беріп, сезіміне бұлдыр қылмай, сенім ұялатар, халқының, елінің хабарын да естен шығармайтын азаматтығын қоса сөз етеді.

«Әйел» концептісінің мәнін ашатын скрипт қолданысы. Скрипт – концептілік құрылымның бір түрі. Скриптті қалыптастыратын басты элемент – фрейм. Скрипттің санадағы көрінісі – сценарий құрылымның кеңейтілген формасы. Скрипт көзбен көрген, нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы, балалық шақтан келе жатқан стереотиптік ақпараттары арқылы жинақталған ақпараттардан құралады [7, 19 б.]. Яғни, санадағы дайын сценарийлер мен фреймдерді топтастырып ұғыну. Скрипттің күрделілігі шындықтың шынайылығын тануда өзге бір іс-әрекеттерді көз алдынан өткізіп, одан концептінің бір қырын көрсететін детальдерін шапшаң түрде салыстырып, не қиялмен ұқсатып, сол дүниенің бүтін бейнесін жасауда байқалады.

Өміріңнің қызыл гүлін  
Жырыма орап, қоям сақтап.  
Гүл қасиетін сен де ұғын,  
Босқа жүрмей қылжақтап.  
Жақсы қызды сүйе білсең,  
Күте де біл, сыйлай біл,  
Өз жарыңды сыйлап жүрсең, -  
Үй ішің де, сыйлайды ел [6, 104 б.].

Хатты оқып, қақты кірпік жас ару,  
Түсті үзіліп, жалғыз тамшы тым ауыр.  
Ару жасын қағып алып жел жетті,  
Самалымен Самарқандты тербетті.  
Самарқандта ойнап жатқан солдаттар  
Аспандағы ақша бұлтқа көзің сал.  
Жаңбыр болып жауып өткен жаңағы,  
Жас арудың сағынышын қабыл ал! [10, 103 б.].

М. Хакімжанованың поэтикалық тілінде бұл шумақтар «әйел» концептісінің мәнін ашатын скрипт құрайды. Құрылымы жағынан өлең тармақтарындағы *өмірдің қызыл гүлі, жас ару, жас арудың сағынышы* сынды синтаксистік тіркестер жекелей қолданыста фрейм болса, өлең тармақтарымен бірлесіп келіп «әйел» концептісінің мәнін ашатын скриптке айналады, сонымен қатар, бірінің мазмұнын бірі толықтырып тұрады.

*Когнитивтік құрылымындағы «әйел» концептісінің сценарийі.* Тірек сөздермен мәтін идеясы тақырыптық құрылым түзеді. Осыған сәйкес ойлау құрылымының әртүрлілігін көрсететін сценарий мәтінді интерпретациялау барысында жасалады [11, 108 б.].

Қамқорым, қара орманым, қайран анам,  
Қарашы, көзіңді ашып, бір рет маған.  
Шынымен тоқтады ма ана жүрек.  
Шынымен суыды ма екі мамаң [1, 51 б.].  
Ақ самауыр үкі тағып жалыннан,  
Көк желегін желпи тастап жамылған.  
Жанында отыр жабырқаңқы жас ару,  
Сүйген жарын алыстағы сағынған [10, 102 б.].  
Берілген өлең жолдары әйел концептісінің сценарийін құрайды. Яғни, өлең шумақтарында белгілі бір оқиға суреттеліп тұр.

Көркем шығармаларда кеңінен қолданылатын тәсіл – *символ*. «Символ концепт ұғымы ретінде де қабылданады, өйткені ол бір ойдың

ғана емес, біртұтас концепцияның, дүниетанымның көрсеткіші болуға мүмкіндігі бар» [12, 67 б.]. Символ – образдың тура мағынасында емес, бейнелеу мағынасында айтылуы. Белгілі бір ұғымды, идеяны заттық образбен білдіру. «Символ – аса дәріптеу, құрметтеу, бас ию, қадірі білінген, санада ерекше қасиетімен танылған объектілерден туындайды» [7, 34 б.].

Жанды тілек, жанды еңбек көріңдер,  
«Ақ шағалам» қонды келіп ұяға.  
Жан қанатын, ту қанатын көріңдер,  
Жетсін даусым қиыр менен қияға [1, 208 б.]. Автор «Ақ шағалам» тіркесін махаббаттың символы ретінде беріп тұр.

Ақын шығармаларынан әйел адамдарға қатысты еркелету, жақсы көру мәнді сөздер де жиі кездеседі. Мұның мәні түсіндірмелі сөздікте: еркелету - *бұла етіп өсіру, ерке қылу, жақсы көру - ұнату, жарату* деп беріледі. Еркелететін, жақсы көретін объектіге тыңдаушының назарын аудартатын өлең ұйқастарына зер салайық:

Әке шығып, даладан буған затты  
Алып келді анаға Махаббатты:  
- Міне менің сыйлығым, *сүйген жарым*,  
Аз да болса көптей көр, қабыл алғын! [1, 49 б.].

Бибігүлім – *жан шуағым*,  
Ұзақ болсын өмір жасың.  
Махаббаттың құдыреті,  
Алдыңнан сені жарылқасын! [1, 29 б.].  
*Қадырлым*, қанатым сен, қамқорым сен,  
Сен түгіл қымбат маған әр көлеңкең.  
*Серігім*, сенерім сен саспайтұғын,  
*Аяулым*, әдепті жолдан аспайтұған [1, 126 б.].

М. Хакімжанова шығармаларындағы «әйел» концептісінің сценарийі бойынша әйел өмірінің сан қыры қарастырылды. Ақын шығармаларындағы әйелге қатысты еркелетулердің жақынына айтылғандығы анықталды. Мысалы: *ақ шағалам, сүйген жарым, жан шуағым, шырағым, қадірлім, серігім, аяулым* деген халықтық қолданыстағы есім сөздерді жыр жолдарында қиюластыра қолдану бар.

Әрбір әйелдің қоғамдық ортада өмір сүруі, дамуы барысында кез келген қоғамдық өзгерістерді тез игере отырып, басынан өткерген

оқиғалар арқылы танымдық ақпараттар қалыптастыратыны белгілі. Біз М. Хакімжанова шығармаларындағы «әйел» концептісінің мағыналық мазмұнын тану арқылы әйелге ұлттық-мәдени-танымдық, этикалық тұрғыда баға беріп, лингвистикалық тұрғыда ерекше сипаттауға мүмкіндік алдық. «Әйел» концептісіне тән лексикалық бірліктер осы концептінің когнитивтік белгілерінің жүйесін құрды.

М. Хакімжанова шығармаларының тілдегі «әйел» концептісінің мәнін ашатын фреймдік құрылымдардың көпшілігі халықтық қолданыста да, поэтикалық тілде де молынан кездеседі. Жыр жолдарындағы «ұядан ұшыру», «талақ айту», «қырық жеті», «азбай күткен

жар алтын» тіркестері «әйел» концептісінің құрамдас компоненттері болуымен қатар, балама ретінде жұмсалып, әйел өмірінің, тіршілік етуінің логикалық модельдері негінде ұсынылған. Ақынның поэтикалық тілінде кездесетін өмірдің қызыл гүлі, жас ару, жас арудың сағынышы сынды синтаксистік тіркестер жекелей қолданыста фрейм болса, өлең тармақтарында «әйел» концептісінің мәнін ашатын скриптке айналады, сонымен қатар, бірінің мазмұнын бірі толықтырып тұрады. М. Хакімжанова шығармаларындағы фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сөздердің лексика-семантикалық топтары және көріктеу құралдарының болуы танымдық көріністі ашуға белсенді қызмет атқарады.

#### Әдебиеттер

1. Хакімжанова М. Шығармалары. Т. 1. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 328 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
3. Байғұтов А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2008. -143 б.
4. Әлімжанов А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2008. -24 б.
5. Смайлов А. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тірестердің лингвомәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2008. -25 б.
6. Оразалиева Ә. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2006. -312 б.
7. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 125 б.
8. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск; ТетраСистемс, 2004. - 255 с.
9. Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы, 1955. – 337 б.
10. Хакімжанова М. Өткелдер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 264 б.
11. Жиренов С.А. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Ана тілі, 2010. -108 б.
12. Оспанова Б. Лингвомәдениеттану. – Астана: Фолиант, 2018. -152 б.

G.N. Abubakirova, A. Kaiypbayeva

Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan

#### Concept «Woman» in the poetic works of Mariyam Khakimzhanova

**Abstract.** A woman, rocking the world with one hand and the cradle with another hand, has always held a special place in Kazakh society. The fate of women as counsellors to husbands, mentors to children is sometimes complicated and variable. Every woman is a well-bred daughter-in-law, beloved mother, respected sister, dear grandmother. Therefore, the theme of a woman is one of the eternal themes. Especially women's fate, sadness, feelings became the basis for many works. Poets and writers, portraying a woman, along with the peculiarities of national customs, did not forget about the secrets of the spiritual world, the peculiarities of national knowledge and education. And in the works of Mariyam Khakimzhanova, who became the object of our research, it can be noted that the linguistic units that define the concept of "woman" are given in accordance with the national worldview. In the article, the lexeme «woman» is considered on the basis of different poems.

**Keywords:** poetry, cognitive cognition, concept, conceptual system, conceptual structure, national being.

**Г.Н. Абубакирова, А. Кайпаева**

*Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова,  
Костанай, Казахстан*

### **Концепт «Женщина» в поэзии Мариям Хакимжановой**

**Аннотация.** В казахском обществе женщина, качающая одной рукой мир, а другой – колыбель, всегда занимала особое место. Непроста и разнообразна судьба женщин, являющихся советниками мужей, наставниками детей. Каждая женщина – благовоспитанная сноха, любимая мама, уважаемая сестра, дорогая бабушка. Поэтому тема женщины – одна из вечных тем. Судьба, печаль, чувства женщины стали основой для многих произведений. Поэты и писатели, изображая женщину, и наряду с этим особенностями национальных обычаев, не забывали о тайнах духовного мира, особенностях национального познания, бытия, воспитания. Можно заметить, что и в произведениях М. Хакимжановой, ставших объектом нашего исследования, языковые единицы, определяющие концепт «женщина», даны в соответствии с национальным мировоззрением. В данной статье лексема «женщина» рассматривается на основе ее произведений.

**Ключевые слова:** поэзия, когнитивное познание, концепт, концептуальная система, концептуальное строение, национальное бытие.

### **References**

1. Hakimjanova M. Shyrgarmalary [Works] Vol.1. (Ana tili, Almaty, 2006, 328 p.). [in Kazakh]
2. Kazak tilinin tusindirime sozdigi (Jalpy redaksiyasyn baskargan – T. Januzakov) [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (The general editor was headed by T. Zhanuzakov) (Daik-pres, Almaty, 2008, 968 p.). [in Kazakh]
3. Baigutov A. «Kazak Aiel» konseptisinin etnomadeni sipaty [Cultural character of the concept of «Kazakh Woman»] Filol.gyl.kand.diss. [dis. ... candidate of philological sciences] (Almaty, 2008, 143 p.). [in Kazakh]
4. Alimjanov A. Kazak tilindegi Aiel kolonerine bailanysty halyktyk leksikanyn etnolingvistikalık sipaty [Ethno linguistic nature of folk lexicology related to women's crafts in the Kazakh language] Filol.gyl.kand.diss. avtoref. [diss. of the Candidate of Philology]. Almaty, 2008. P. 24 p. [in Kazakh]
5. Smailov A. «Aiel» konseptisin kalıptastyratyn turakty tirkesterdin lingvomadeni sipaty [The linguistic and cultural nature of the stable pillars that form the concept of «woman»]. Filol.gyl.kand.diss.avtoref [diss. of the Candidate of Philology]. Almaty, 2008. P. 25 p. [in Kazakh]
6. Orazalieva E. Kognitivtik lingvisika: kalıptasuy men damuy [Cognitive linguistics: formation and development] (An Arys, Almaty, 2006, 312 p.). [in Kazakh]
7. Amirbekova A.B. Konseptilik kurylymdardyn poetikalık matindegi verbaldanu erekshelikteri [Features of verbalization of conceptual structures in a poetic text]. Filol. gyl. kand. dis. [diss. of the Candidate of Philology]. Almaty, 2006. P. 125. [in Kazakh]
8. Maslova B.A. Kognitivnaya lingvisika [Cognitive linguistics] (TetraSistema, Minsk, 2004, 255 p.). [in Russian]
9. Mukanov S. Omir mektebi [School of life] (Almaty, 1955, 337 p.). [in Kazakh]
10. Hakimjanova M. Otkelder [Crossings] (Jazushy, Almaty, 1976, 264 p.). [in Kazakh]
11. Jirenov S.A. Kognitivtik lingvisika [Cognitive linguistics]. (Ana tili, Almaty, 2010, 108 p.). [in Kazakh]
12. Ospanova B. Ligvomadeniettanu [Linguocultural Studies] (Foliant, Astana, 2018, 152 p.). [in Kazakh]

### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Абубакирова Гулайм* – негізгі автор, «Филология» мамандығының 3 курс докторанты, А. Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

*Кайпаева Айжамал* – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, А. Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

*Abubakirova Gulaim* – The main author, The 3rd year doctoral student of the specialty «Philology», A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

*Кайпаева Айжамал* – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.